

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Желтоқсан айы 2025 жыл 3 апта**

**Желтоқсан тәуелсіздік және отаншылдық айы**

туралы білу

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін білу

Мемлекеттік тілді білу

Ұлттық мерекелер, ойындар, дәстүрлер туралы білу

Табиғатқа қамқорлық таныта білу

Отан, ел, туған өлке

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.12.2025 ж	Сейсенбі 16.12.2025 ж	Сәрсенбі 17.12.2025ж	Бейсенбі 18.12.2025ж	Жұма 19.12.2025ж
<b>Балаларды қабылдау</b>	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <b>Күй күмбірі</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.				

	Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	Достық үйі Конструктордан ғимарат құрастырады. Құрастыру		«Гүлдерді пішінге орналастыр» Әлеуметтік дағдылар, Экологиял ық мәдениет	Баланың үйдегі көңіл күйін сұрау. Көңілді әуен қосу Музыка	«Қуыршақт ы тамақтадыр » коммуника тивтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату, бірге орындау, жаттату Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. <b>Міндеті:</b> Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. <b>Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері <b>Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру</b>				

<p><b>Кестеге сәйкес ҮІӨ</b></p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>          Қолды кеудеге айқастыру және жай ашу, нықты айналдыру.  <b>Негізгі қимыл:</b>          Скамейка үстімен жүру, соңында тұрып, қолды жоғары көтеру.  <b>Қимылды ойын:</b>          «Кұстар ұшты» — балалар қолдарын қанатша қағып, жүгіреді.  <b>Шынықтыру элементі:</b>          Ауа ваннасы және терең дем алу жаттығулары</p>		<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>          Аяқты бүгіп, жазу, еңкею.  <b>Негізгі қимыл:</b>          Құрсаудан аттап өту, артқа қарай айналып жүру.  <b>Қимылды ойын:</b>          «Көбелектер ұшады» — балалар еркін қозғалып, «гүлге қонады».  <b>Шынықтыру элементі:</b>          Жылы бөлмеде немесе верандада қозғалыс белсенділігі.</p>	<p><b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>          Қолды жоғары көтеріп, айналу.  <b>Негізгі қимыл:</b>          Бірнеше кедергіден аттап жүру (20 см арақашықтықта).  <b>Қимылды ойын:</b>          «Күн шықты» — қолды жоғары көтеріп жүгіру.  <b>Шынықтыру элементі:</b>          Таза ауада серуен кезінде</p>
----------------------------------	--	--	--	---

					мақтан тұту сезімін дамыту.
<b>Серуенге дайындық</b>	Көрсету бойынша киімдерін киюді, кимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген кимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру <b>өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту</b> Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	<b>Желтоқсан айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес кимыл әрекеті).				
<b>Түскі ас</b>	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, <b>өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b> Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Күндізгі ұйқы</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру ( <b>өзіне-өзі</b>				

	<b>қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)</b> Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
<b>Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары</b>	<b>Біртіндеп ояту:</b> Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. <b>Сауықтыру жаттығулары:</b> Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). <b>Өзіне-өзі қызмет ету:</b> Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар:</b> Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу).				
<b>Бесін ас</b>	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. <b>Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</b>				
<b>Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)</b>	<b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық):</b> : – Көк қағаз бетіне сары күн бейнесін саусақ бояумен салу. – Күн сәулесін саусақ іздерімен безендіру. – Текшелерден «Қазақстан елі» белгісі ретінде көк		<b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық):</b> – Көк қағаздан «Ту» жапсыру, сары күн мен қыранды орналастыру. – Пластининмен шағын Ту бейнесін безендіру. – Балалар өз қиялындағы «бақытты елдің туын» суреттеу — шығармашылық патриоттық сезім	<b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық):</b> – Саусақ бояумен «Күн мен гүл» бейнесін салу. – Пластининнен таулар мен өзен мүсіндеу. – Табиғи материалдардан «Менің елімнің табиғаты» композициясын жасау — шығармашылық және эстетикалық қабылдауды дамыту.	<b>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру әрекеті (шығармашылық):</b> – «Бақытты балалар елі» атты топтық суретбояу – Пластининнен жүрек мүсіндеу —

	үйшік құрастыру.		қалыптастыру.		Отанға деген махаббат белгісі. – Қағаздан түрлі түсті күн сәулелерін жапсырып, «Қазақстан – жарық ел» композициясын жасау.
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	..... сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету.		..... отбасы мүшелерінің жанына шарды орналастырып жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру.	..... зат есімнің көпше түрін пайдалануға үйрету.	..... .... сөздерді дұрыс айтуды ескере отырып, сөз тіркестерін (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) құрауға үйрету
<b>Серуенге дайындық</b>	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киімдегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

	Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету <b>Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру</b>				
<b>Серуен</b>	«Қояндар орманға барады». <b>Міндеті:</b> топпен бірге әрекет етуге, секіруге үйрету. Балалар орманға секіріп барады.		«Тауықтар мен түлкі». <b>Міндеті:</b> ептілік пен қашу қабілетін жетілдіру. Балалар тауық болады, түлкіден қашады.	«Жел соғады». <b>Міндеті:</b> табиғат құбылыстарын түсіну. Балалар жел болып қолдарын сермеп, айналады.	«Қар лақтыру сайысы». <b>Міндеті:</b> дәлдікке үйрету. Балалар нысанаға қар лақтырады.
<b>Серуеннен оралу</b>	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау ( <b>көркем әрекет, дербес ойын әрекеті</b> ).				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, колөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз деп айту») <b>Өнегелі 15 минут</b>				